

Тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссияның мектеп асханасына азық-түлік жеткізілуін қадағалау туралы
Анықтама

05.05.2026 жыл

2025-2026 оқу жылындағы мектептің алқалық басқару органы – қамқоршылық кеңестің шешіміне сәйкес тізіммен бекітілген бастауыш 1-4 сыныптар аралығында білім алатын 28 (жиырма сегіз) білім алушы және 5-11 сыныптар аралығында оқитын жекелеген санаттағы (отыз тоғыз) білім алушы, жалпы саны 56 (елу алты) білім алушы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығының 10-қосымшасымен бекітілген «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына сәйкес **2025 жылдың 2 қыркүйегінен бастап** мектеп асханасында 2 ауысымда бір мезгіл тегін тамақпен қамтылып отыр.

Жеткізілген азық-түлік тауарлары мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі (бракераждық) комиссия (әрі қарай-комиссия) құрамымен жөнелтпеде көрсетілген мөлшерге сәйкес қабылданды. Қабылданған тауарлар арасынан сапасы бұзылып, пайдалану және сақтау мерзімі өтіп, жарамсыз болған азық-түлік өнімдері анықталған жоқ.

Тауарлар арасында сақталу мерзімі қысқа (ет, картоп, сәбіз, алма, қызанақ, лимон, сүт өнімдері және т.б.) және ұзақ (күріш, макарон, томат, кептірілген жеміс, қант, кептірілген алма өнімі және т.б.) азық-түлік өнімдерін жеткізді. Сақталу мерзімі қысқа азық-түлік өнімдері бірден тоназытқыш пен арнайы салқындатқыш режимі бар жабдықтарға салынды.

Жеткізілген азық-түлік тауарлар комиссия құрамымен сол күнгі қабылдау тізім қағазындағы (накладная) азық-түлік тауарлар тізімімен қабылданып, әрбір тауардың салмағы мен саны комиссия құрамымен таразы арқылы есептелініп, тауарлардың сапасы мен сақталу мерзімі тексеріліп қабылданды. Қабылдау барысында комиссия құрамы бұзылған азық-түлік тауарын анықтаған жоқ.



Білім алушылардың 2 ауысымда уақтылы және сапалы тамақтануы мектеп әкімшілігі мен сынып жетекшілері тарапынан үздіксіз қадағаланып отыр.

Әлеуметтік педагог:

Ж.Қ.Толжарасова